



Инвестициялық жекешелендіру қорларының және осы қорлар басқарушыларының қызметін бақылау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 3 мамыр 1994 ж. N 471. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған ұлттық бағдарламасына сәйкес инвестициялық жекешелендіру купондарын инвестициялық жекешелендіру қорларына салған азаматтардың мүдделерін қорғау және бағалы қағаздардың тұрақты нарығын жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Инвестициялық жекешелендіру қорларының және осы қорлар басқарушыларының қызметін бақылау туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Инвестициялық жекешелендіру қорларына және осы қорлар басқарушыларына лицензиялар беру жөніндегі ведомствоаралық комиссия Инвестициялық жекешелендіру қорлары мен осы қорлар басқарушылары қызметінің тәртібі туралы Ережені бір апта мерзім ішінде әзірлеп, бекітсін.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 мамырдағы N 471 қаулысымен

Б Е К І Т І Л Г Е Н

Инвестициялық жекешелендіру қорларының және
қорлар басқарушыларының қызметін бақылау туралы
Е Р Е Ж Е

І. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже инвестициялық жекешелендіру қорларына және олардың басқарушыларына лицензиялар беру жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның (

бұдан әрі- Комиссия) және оның жұмыс органдарының инвестициялық жекешелендіру қорлары (Обұдан-әрі қорлар) мен оларды басқарушылардың қызметін бақылауды жүзеге асыруының тәртібін, сондай-ақ олардың функциялары мен өкілеттіктерін белгілейді.

2. Бақылаудың мақсаты өздерінің инвестициялық жекешелендіру купондарын (бұдан әрі - купондар) қорларға салған азаматтардың мүдделерін қорғау үшін заңдар мен нормативтік актілерде қорлардың ұйымдық-құқықтық мәртебесіне қойылатын талаптарды олардың орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

II. Комиссияның қорлар қызметін бақылайтын жұмыс органдары

3. Қазақстан Республикасының Меммүліккомы мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жекешелендіру қорының құрылымдық бөлімшелері Комиссияның жұмыс органдары болып табылады.

Комиссияның тапсыруы бойынша қолданылып жүрген заңдарға, нормативтік актілер мен осы Ережеге сәйкес комиссияның жұмыс органдары қорлардың және қорлар басқарушыларының қызметін реттеп отырады және бақылайды.

4. Қорлар мен олардың басқарушылары қызметінің заңдылығын тексеру үшін жұмыс органдарының:

осы Ережеге сәйкес қорларды басқару органдарымен олардың басқарушыларынан кез келген ақпарат (анықтамаларды, түсініктемелік жазбаларды және басқаларды) пен құжаттаманы сұрауға;

қажет болғанда қаржы бақылау органдарын, салық қорлар мен олардың басқарушылары қызметінің сәйкестігін тексеруге;

қолданылып жүрген заңдар мен нормативтік актілердің бұзылғаны анықталған жағдайда шаралар қолдану үшін Комиссияға тиісті құжаттама түсіруге құқы бар.

5. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде жұмыс органдары: қорлар аудиторлары мен депозитарийлерінің ақпаратын; салық органдары мен басқа да мемлекеттік бақылау органдарының ақпаратын ;

бақылау жөніндегі тікелей қызметінің нәтижесінде алынған ақпаратты, сондай-ақ қорлар мен олардың басқарушыларының қызметін тексерудің қорытындыларын ;

қорлардың акционерлерінен немесе жұртшылықтан келіп түсетін шағымдар мен ұсыныстарды пайдалана алады.

6. Жергілікті жерлердегі қорлардың қызметін бақылау комиссиясы жұмыс органдарының қызметін мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитеттер (

бұдан әрі -аумақтық комитет) қамтамасыз етеді.

7. Аумақтық комитеттердің жұмысын Қазақстан Республикасы Меммүліккомының тиісті басқармасы үйлестіріп, ол Комиссия бекіткен тексеру жоспарын аумақтық комитеттерге жеткізеді, есеп-қисап алады, оларды тұжырымдап, Комиссияның мәжілісіне тапсырады. 8. Комиссияның мәжілістері қажетіне қарай, бірақ айына кем дегенде бір рет өткізіледі. Жұмыс органдары түсірген ақпарат негізінде Комиссия тиісті шешімдер қабылдайды. III. Комиссияның жұмыс органдарының бақылау функциялары 9. Қорлар мен олардың басқарушыларының қызметін бақылау: қорлар құжаттамасын ресімдеу, шешімдер қабылдау процедурасы, басқару органдары; қаржы тәртібін және азаматтардың купондарын жинақтау ережелерін сақтау бағытында жүзеге асырылады.

10. Қазақстан Республикасының Меммүліккомы қорлардың қызметін үйлестіріп, реттейді, сондай-ақ қорлар мен олардың басқарушыларының нормативтік құжаттар мен осы Ережеге қатысты:

қорлардың құрылтайлық құжаттарды жинақы ұстау мен тиісінше ресімдеуіне және олардың қайта тіркелуіне;

жетекші адамдардың ықпалы арқылы шектеулердің сақталуына; акционерлердің жалпы жиналыстарын өткізу процедурасының сақталуына және олар қабылдайтын шешімдердің заңдарға сәйкес келуіне;

қорларды басқару құрылымының Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1290 қаулысымен бекітілген инвестициялық жекешелендіру қорлары туралы Ережеге сәйкес келуіне;

бұқаралық ақпарат құралдарында берілетін қорлардың жарнамасының дұрыс болуына;

нормативтік актілердің талаптарына сәйкес қорлардың қажетті ақпаратты Қазақстан Республикасының Меммүліккомына дер кезінде беруі мен баспасөзде жариялауына бақылау жасауды жүзеге асырады.

11. Мемлекеттік жекешелендіру қоры қорлар мен оларды басқарушылардың қызметіне қатысты:

қорлардағы азаматтар купондарының нақты санына, олардың қозғалымына, дер кезінде өтелуіне және тиісті құжаттаманың дұрыс ресімделуіне;

қорлардың қаржы тәртібін сақтауына, өзара есеп-қисапты жүзеге асыруына, барлық алымдар мен төлемдердің өтелуіне; Инвестициялық жекешелендіру қорлары туралы Ереженің басқарушы мен депозитарийдің қызмет көрсетуіне ақы төленуіне қатысты сақталуына; қорлардың төлемдік қабілетінің анықталуына; қорлар капиталына қаржы-инвестициялық баға беру жайында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын материалдардың дұрыстығына; Инвестициялық жекешелендіру қорлары туралы Ережеге және басқа да нормативтік актілерге

сәйкес қор қызметін шектеулерді қорлардың сақтауына бақылау жасайды. IV. Қорлардың қызметін бақылау жөніндегі Комиссиясының өкілеттігі Комиссия қорлар мен олардың басқарушыларының қызметін бақылау жөніндегі өз өкілеттігін: ескерту жасау; лицензияның күшін уақытша тоқтату; лицензияны қайтарып алу арқылы жүзеге асырады.

13. Комиссия қолданылып жүрген заңдарды немесе нормативтік құжаттарды қорлар немесе олардың басқарушылары бұзған жағдайда оларға кез келген уақытта ескерту жасауға құқылы.

Ескертуде тәртіп бұзу деп саналатын іс әрекет нақтылы және оны жоюдың мерзімі көрсетілуге тиіс.

14. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 шілдедегі N 663 қаулысымен бекітілген Инвестициялық жекешелендіру қорларының, сол қорлар басқарушыларының қызметін лицензиялаудың тәртібі туралы және лицензияның күшін тоқтату мен қайтып алу туралы Ережеде белгіленген жағдайларда лицензияның күші тоқтатылуы немесе қайтарып алынуы мүмкін.

15. Қорлар немесе олардың басқарушылары қолданылып жүрген заңдармен нормативтік актілерді бұзған жағдайда Комиссия өз қалауынша басқа жағдайларда да лицензияның күшін тоқтата немесе оны қайтарып ала алады.

16. Лицензияның күші 30 күнге дейінгі мерзімге немесе жол берілген тәртіп бұзушылықтар жойылғанға дейін тоқтатылуы мүмкін.

Лицензиясының күші уақытша тоқтатылған қор мамандандырылған купондық аукционға жіберілмейді әрі оның азаматтардан купондар жинақтауына тиым салынады.

17. Қор лицензиясы қайтарып алынған жағдайда оның басқарушысы да қорды басқару лицензиясынан және бағалы қағаздармен одан әрі істеу құқығынан айырылады. Басқарушының лицензиясы қайтарып алынған жағдайда қордың Байқаушы кеңесі басқа басқарушы тағайындайды.

18. Қор лицензиясы қайтарып алынған жағдайда Комиссия төрелік сотқа қорды жабу туралы өтініш жасайды. Комиссияның жұмыс органдары қордың бағалы қағаздарының, ақша қаражаты мен мүлкінің Комиссия тиісті шешім қабылдағанға дейін сақталуын қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады.

19. Комиссия қорларды және олардың басқарушыларын өзінің шешімдерімен тәртіптік ықпал ету шаралары туралы жазбаша түрде хабардар етеді. V. Комиссияның жұмыс органдарының іс-қимылдарына шағым беру

20. Комиссия жұмыс органдарының қорлар мен қорлар басқарушыларының қызметін бақылауындағы іс-қимылдары жайында Комиссияға шағым жасауға болады. Шағым жазбаша түрде Комиссия Төрағасының атына беріліп, Комиссияның мәжілісінде алынған күннен бастап 10 күн ішінде қаралуға жатады

21. Комиссия өз жұмыс органдарының іс-қимылдарының дұрыстығын қуаттаған жағдайда қор өкілдері, қор басқарушысы немесе өзге де заңды және жеке тұлғалар Комиссияның шешімдеріне сот арқылы шағым жасауға құқы бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК